



Бекітемін:  
Мангыстау облысының білім басқармасының  
Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің  
«№18 «Мерекес» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК-ның  
у.м.а директоры: Ж.А.Ажибаева  
2023 ж

**2023 -2024 оқу жылдарының № 14 «Тұлпар» МАД тобының «Билеп үйренейік» вариативті компонентіне  
арналған жылдық жоспары**

Тексерілді:  
 Маңғыстау облысының білім басқармасының  
 Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің  
 «№18 «Мерен» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК-ның  
 әдіскері: Ж.А.Ажибаева  
 «28» «07» 2023 ж

**2023 -2024 оқу жылдарының № 14 «Тұлпар» МАД тобының «Билеп үйренейік» вариативті компонентіне  
 арналған жылдық жоспары**

| № | Тақырыбы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | Өтiзiлетiн уақыты          | Сағаты  | Жауапты      |
|---|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------|---------|--------------|
| 1 | <p><b>Би туралы түсінік</b><br/> <b>Мақсат-міндеттері:</b> Баланың эстетикалық, физикалық және рухани ойлау қабілеттерін тәрбиелеуге би өнері қомақты әсерін тигізеді. Балаларды шаттық шеңберге тұрғызу және оларға бидің негізгі қимылдарымен таныстыру, денені дұрыс ұстауға, маршпен жүгіруге, музыканы жақсылап тыңдауға үйрету. Музыка жанрларын ажырату ( күй, ән, би, марш).</p>  | 08.09.2023ж                | 1 сағат | Динасилова Ж |
| 2 | <p><b>Салтанатты адым</b><br/> <b>Мақсат- міндеттері:</b> Балаларды адым түрлерімен таныстыру; адымдау кезінде қол мен аяқ үйлесімділігін сақтай білуге үйрету; музыка мен қимылдың әуенге сай болуын естен шығармауын қадағалау.</p>                                                                                                                                                                                                                                      | 15.09.2023ж                | 1 сағат | Тұмышева А   |
| 3 | <p><b>Халық биі «Қаражорға»</b><br/> <b>Мақсат-міндеттері:</b> Оқушыларды қаражорға биінің шығу тарихымен таныстыру, оны насихаттау жүру барысы бойынша балаларға бұл бидің негізгі қимылдарымен таныстыру. Қимылдық іс – әрекеттерін дамыту. Балаларға суретаркылы түсіндіріп көрсету.</p>                                                                                            | 22.09.2023ж<br>29.09.2023ж | 2 сағат | Динасилова Ж |

|    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                            |         |              |
|----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------|---------|--------------|
| 4  | <b>Қамажай</b><br><b>Мақсат-міндеттері:</b> Балаларды "Қамажай" биінің қолға және аяққа арналған қимылдарын жасай білуге үйрету; ұл балаларды бірінің артынан бірі кезек адымын жасай жүріп, аяқтарын ырғақты қозғау дағдысына жаттықтыру; қазақ биіне деген қызығушылықтарын арттыру.                                                                                           | 06.10.2023ж                | 1 сағат | Тұмышева А   |
| 5  | <b>Жұптасып шеңбер бойымен қозғалу</b><br><b>Мақсат-міндеттері:</b> Балаларды полька биінің адымымен таныстыру; бүйірлік қадам жасау кезінде қол мен аяқ үйлесімділігін сақтай білуге үйрету; полька биіндегі қимылды әуенге сай жасау дағдыларына жаттықтыру.                                                                                                                   | 13.10.2023ж                | 1 сағат | Динасилова Ж |
| 6  | <b>«Гүлдер» биі</b><br><b>Мақсат-міндеттері:</b> Балаларға затпен билеу қимыл түрлерімен таныстыру. Қол моторикасына арналған қимыл жаттығулары. Қимылдарды жасай отырып ән айту. Балалардан қандай гүлдерді ұнататыны туралы сұрақ қою. Гүл не үшін керек? Үйренген «Гүлдер» биінің қимылдарын бір калыпта, бірдей уақытта музыка ырғағымен қайталап шығу.                      | 20.10.2023ж                | 1 сағат | Тұмышева А   |
| 7  | <b>Серіппелі адым</b><br><b>Мақсат-міндеттері:</b> Балаларды серіппелі адым түрімен таныстыру; серіппелі адымның басқа адымнан айырмашылығын түсіндіре отырып, дұрыс жасай білуге үйрету; музыка мен қимылдың үйлесімділігін сақтай білуге дағдыландыру.                                                                                                                         | 27.10.2023ж                | 1 сағат | Динасилова Ж |
| 8  | <b>Қазіргі би ырғақтары – 2 сағат</b><br><b>Мақсат-міндеттері:</b> Балаларды 2 қатарға тұрғызып, денсін қалай дұрыс ұстауын, дұрыс тұруын негізгі қимылдарды меңгеру. Икемділік, төзімділік қабілеттері дамиды және дене бітімдері түзеліп, сымбаттылыққа тәрбиеленеді, әдемілікке деген құштарлықтары артады, яғни ырғақты би қимылы баланың ішкі барлық ағзаларына әсер етеді. | 03.11.2023ж<br>10.11.2023ж | 2 сағат | Тұмышева А   |
| 9  | <b>Аяқты өкшеге кезектестіріп қойып, топылдату</b><br><b>Мақсат-міндеттері:</b> Балаларды аяқты өкшеге кезектестіріп қойып, топылдату қимылымен таныстыру; топылдату қимылын ырғақты жасай білуге үйрету; аяқты өкшеге кезектестіріп қойып, топылдату қимылын әуенге сай жасауға жаттықтыру.                                                                                     | 17.11.2023ж                | 1 сағат | Динасилова Ж |
| 10 | <b>«Бауырсақ» ертегісі мюзиклі</b><br><b>Мақсат-міндеттері:</b> Балаларды түзу бағытта адымдап жүру қимылымен таныстыру; адым жасау кезінде қол мен аяқ үйлесімділігін сақтай білуге үйрету; түзу бағытта адымдап жүру қимылын әуенге сай жасау дағдыларына жаттықтыру.                                                                                                          | 24.11.2023ж                | 1 сағат | Тұмышева А   |
| 11 | <b>Музыка ырғағына сай қолды шапалақтау</b><br><b>Мақсат-міндеттері:</b> Балаларды музыка ырғағына сай қолды шапалақтау түрлерімен таныстыру; шапалақтау кезінде әуендегі ырғақты сезіне білуге үйрету; музыка мен шапалақтың әуенге сай үйлесімді болуын қадағалау.                                                                                                             | 08.12.2023ж                | 1сағат  | Динасилова Ж |

|    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                            |         |              |
|----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------|---------|--------------|
| 12 | <b>Балдырғандар вальсі</b><br><b>Мақсат-міндеттері:</b> Балаларды екі екіден тұрғызып оларға дұрыс жүру түрлерін көрсетіп, негізгі қимылдарды меңгеру.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | 15.12.2023ж                | 1 сағат | Тұмышева А   |
| 13 | <b>«Батырлар» биі</b><br><b>Мақсат-міндеттері:</b> Батырлар биін үйрету арқылы ұлттық өнерді насихаттау, жас ұрпаққа халықтық би өнерінің қыр – сырын үйрету, өз елінің патриоты мен азаматын және эстетикалық талғамның жоғары болуына тәрбиелеу. Сазды әуенмен би ырғағын түсіндіру.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | 22.12.2023ж<br>29.12.2023ж | 2 сағат | Динасилова Ж |
| 14 | <b>«Белорустың халықтық-сахналық биі» биі</b><br><b>Мақсат-міндеттері:</b> Әзірлік калпы – екі қол екі бүйірде еркін түрде төмен жіберілген, қол білезіктері алақандарымен дене тұрқына қаратылған. I позиция - өзінің таза түрінде белорус билеріне тән емес. II позиция - екі қол екі шетке көтерілген, шынтақтар еркін ұсталған, қолдардың білезіктері алақандармен алға қарай бағытталған және сәл ғана жоғары көтерілген. III позиция – таза түрінде белорус билері үшін сипатты емес. Дегенмен де бір қол, әсіресе жұп болып билегенде III позицияда жиірек болады, екінші қол еркін түрде төмен жіберілген немесе белінде болады. | 05.01.2024ж<br>12.01.2024ж | 2 сағат | Тұмышева А   |
| 15 | <b>Тыпырлаған аяқтар</b><br><b>Мақсат-міндеттері:</b> Балаларды аяқты тыпырлату қимылымен таныстыру; аяқты тыпырлату кезінде табанды жерге толық тигізе білуге үйрету; музыка мен қимылдың үйлесімділігін сақтай білуге дағдыландыру.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | 19.01.2024ж                | 1 сағат | Динасилова Ж |
| 16 | <b>Жыл басына таласқан хайуанаттар</b><br><b>Мақсат-міндеттері:</b> Балаларды хайуанаттардың жүру қимылымен таныстыру; сахналық қойылым кезінде хайуанаттар қимылын жасауда олардың кейпін бере білуге үйрету; әр кейіпкер сөзін жатқа айта білуге жаттықтыру.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | 26.01.2024ж                | 1 сағат | Тұмышева А   |
| 17 | <b>Халық биі «Айгөлек»</b><br><b>Мақсат-міндеттері:</b> «Айгөлек» халық биінің сипатымен мазмұнын түсіндіру. Би қимылының таза орындалуының «Айгөлек» әнінің сөзін дұрыс тыңдап музыкаға еріп отыру би қимылын қалыптастыру. Сапқа тұрып би қимылымен амандасу. Саптық жаттығулар жасау. Өткен сабақтағы би қимылдарын қайталау.                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | 02.02.2024ж<br>09.02.2024ж | 2 сағат | Динасилова Ж |
| 18 | <b>«Шалқан» ертегісінің музыкалық сахналық қойылымы</b><br><b>Мақсат-міндеттері:</b> Балаларды ертегідегі кейіпкерлердің жүру қимылымен таныстыру; сахналық қойылым кезінде шығармашылық қабілеттерін дамыту; әр кейіпкердің мінез-құлқын ертегі мазмұнына сай жасау дағдыларына жаттықтыру.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | 16.02.2024ж                | 1 сағат | Тұмышева А   |

|    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                 |         |              |
|----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------|---------|--------------|
| 19 | <p><b>Шығармашыл баламыз</b></p> <p><b>Мақсат-міндеттері:</b> Балаларды кез келген кейіпкердің қимылдарын өздігінен шығармашылықпен жасай білуге үйрету; басталған қимылдың жалғасын өз шығармашылығымен аяқтауға жаттықтыру; өз қабілеті мен шығармашылығына ризашылық сезімін арттыру.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | 23.02.2024ж                     | 1 сағат | Динасилова   |
| 20 | <p><b>«Чунга – чанга» биі</b></p> <p><b>Мақсат-міндеттері:</b> Балаларға "Чунга-чанга" биі туралы жан-жақты түсінік беру. Олардың танымдық қабілеттерін арттыру. Әуен мен ырғақты түсінуге баулы, дене қимыл -қозғалыстарының ептілігін қалыптастыру. Міндеттері: Бірнеше бөліктен тұратын би қимылдарын, олардың орындалуын үйрету. Балаларды әсемдікті тани білуге баули отырып, эстетикалық ой-өрістерін тәрбиелеу. Балалардың ойлау, есту сақтау қабілеттерін дамыта отырып, би сабағына деген қызығушылықтарына арттыру. Әдіс-тәсілдері: Сұрақ-жауап, көрсету, түсіндіру, әңгімелеу, ойын жаттығу.</p> | 01.03.2024ж<br><br>15.03.2024ж  | 2 сағат | Тұмышева А   |
| 21 | <p><b>Галоп биі</b></p> <p><b>Мақсат-міндеттері:</b> Балаларды галоп биінің адымымен таныстыру; жұппен бүйірлік қадам жасау кезінде қол мен аяқ үйлесімділігін сақтай білуге үйрету; галоп биіндегі қимылды әуенге сай жасау дағдыларына жаттықтыру.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | 29.03.2024ж                     | 1 сағат | Динасилова Ж |
| 22 | <p><b>Қош келдің, Наурыз!</b></p> <p><b>Мақсат-міндеттері:</b> Балаларға Наурыз айының шығыс халықтарында жыл басы саналатындығы туралы түсінік беру; Наурыздың 22 - сінде күн мен түннің теңелетіндігі және күннің ұзарып, түннің қысқаратындығы жайлы білімдерін кеңейту; ұлттық салт-дәстүрлерді құрметтеп, оларды мақтан тұтуға тәрбиелеу.</p>                                                                                                                                                                                                                                                          | 05.04.2024ж                     | 1 сағат | Тұмышева А   |
| 23 | <p><b>«Әр ұлттың биі наурыз»</b></p> <p><b>Мақсат-міндеттері:</b> Әр ұлттың өз ана тілі болады, ал дүниежүзі халықтарына ортақ бір тіл бар: ол –еңбегін, ишара, іс-әрекет, қозғалыс тілі. Осы тілге жататын би өнері адамзаттың дүниетанымындағы ең алғашқысы. Алғашқы қауымдастықтағы адамдардың кәсіптеріне би-қимыл өнері негізделген. Олар өздерінің тіршілігіне қажетті әрекеттерін үндескен қимыл-қозғалыстың бірлігі арқылы атқарған. Сондықтан ырғақпен үндестік тапқан әртүрлі дене қозғалыстарынан би туындады.</p>                                                                               | 12..04.2024ж<br><br>19.04.2024ж | 2 сағат | Динасилова Ж |
| 24 | <p><b>Шоқырақтау адымы</b></p> <p><b>Мақсат-міндеттері:</b> Балаларды шоқырақтау адыммен таныстыру; шоқырақтау адымның басқа адымнан айырмашылығын түсіндіре отырып, дұрыс жасай білуге үйрету; музыка мен қимылдың үйлесімділігін сақтай білуге дағдыландыру</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | 26.04.2024ж                     | 1 сағат | Тұмышева А   |

|          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                            |          |              |
|----------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------|----------|--------------|
| 25       | <b>Табиғат ғажайыптары</b><br><b>Мақсат-міндеттері:</b> Балаларды әңгімедегі кейіпкердің қимылдарын өздігінен шығармашылықпен жасай білуге үйрету; басталған қимылдың жалғасын өз шығармашылығымен аяқтауға жаттықтыру; өз қабілеті мен шығармашылығына ризашылық сезімін арттыру.                                     | 3.05.2024ж                 | 1 сағат  | Динасилова Ж |
| 26       | <b>Әскери адым</b><br><b>Мақсат-міндеттері:</b> Балаларды әскери адым түрімен таныстыру; адымдау кезінде қол мен аяқ үйлесімділігін сақтай білуге үйрету; музыка мен қимылдың әуенге сай болуын естен шығармауын қадағалау.                                                                                            | 10.05.2024ж                | 1 сағат  | Тұмышева А   |
| 27       | <b>«Құстар» биі</b><br><b>Мақсат-міндеттері:</b> Балаларды жұптасып жүруге, үлкен-кіші адыммен шашырап жүруге үйрету. Би өнеріне еліктіру, қояндар биінің үйлесімді орындай білуге үйрету. Аңдарға деген қамқорлық сезімін ояту арқылы тәрбиелеу.                                                                      | 17.05.2024ж                | 1 сағат  | Динасилова Ж |
| 28       | <b>«Маусымжан» ойын-сауық отауы</b><br><b>Мақсат-міндеттері:</b> Балаларды "Маусымжан" ойын-сауық отауына арналған қимылдарды жасай білуге үйрету; қыз балаларды бірінің артынан бірі кезек адымын жасай жүріп, аяқтарын ырғақты қозғау дағдысына жаттықтыру; "Маусымжан" ойын-сауық отауына қызығушылықтарын арттыру. | 24.05.2024ж<br>31.05.2024ж | 2 сағат  | Тұмышева А   |
| Барлығы: |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                            | 36 сағат |              |